

ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

*Әлем әдебиетінің
классиктері*

Ш.Лоран

Наполеонның ұлы

ТАРИХ және БІЗ

М.Шаханов

ЖЕЛТОҚСАН ЭПОПЕЯСЫ

Проза

Д.Исабеков

ЕРЖЕТКЕНШЕ

№11 2012



**Момбек
ӘБДӘКІМҰЛЫ**

1959 жылы туған. «Көкшетау» университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітірген. Жазушы, шежіреші. «Зобалаң», «Сүлеймен қарақшы», «Қараман қарақшы», «Естемес би», «Ақпан батыр», «Разборщиктің жан сыры», «Құбыжықтармен алысқан адам», «Самұрық» қазақ мафиясының көсемі», «Қазақстандық «наркобаронның» ақыры», «О дүниеден оралғандар» сияқты кітаптар мен хикаялардың және елуден аса ғылыми-публицистикалық мақалалардың авторы.

Зобалаң

Созақ пен Сарысу өңірінде былайғы жылдары сәуір айы жаңбырлы болатын. Биыл наурыздың соңы жаңбырлы болғанымен, міне, қазір мезгіл сәуірдің ортасына таяса да, он-он бес күннен бері аспаннан бір тамшы тамбай, ауарайы ерте ысыды. Күн жылығасын, көктесін де қау етіп, тез көтерілді. Бұрындары қазақ малы үшін көктің тез көтерілгеніне қуанатын. Биыл өздері үшін қуанған. Себебі көк өскіннің арасында адам жеуге жарайтын шөптер болады. Бағзыда қазақ ондай шөптерді анда-санда, онда да әуесі тартса ауызға алатын. Ал биыл көкпен бірге бой көтерген қақы, қартаңқұлақ, жабайы жуа, әткеншек тәрізді шөптер қатқа айналды. Өйткені айналадағы ауыл тұрғындарының азығы қазір осындай жеуге жарайтын шөптің үстінде. Қыста иті мен мысығына дейін сойып жеген адамдар көктем туа қыр кезіп, көк майса арасынан әлгіндей шөптерді іздеп, күні бойы сарпылу-салтаңға түскен.

Байқадамның шығыс жағында орналасқан Жайылма колхозы деп аталатын ауылда былтыр жұрттың қарасы мол-ды. Одан арғы жылдары жайылмалықтардың адамдарынан гөрі малдары көп-тін. Колхоздасу басталғалы бергі үш жылда ауылда тігерге тұяқ қалмады. Демнің арасында сонша малдың қайда кеткенін анда-маған жұрт аң-таң. Кәрілер айтты: “Ақырзаман жақындағанда мал мен жан көзге көрінбейтін жолмен азайып, жоқ болады екен. Ой, Алла-ай, ақырзаманның басы осы шығар”, – деп. Орта жастағылар мен жастар айтты: “Қайдағы ақырзаман? Белсенділер қорқытып-үркітіп, одан қалса, алдап-сулап,

малдарымызды айдап кетіп, шетінен сойып, етке өткізіп жіберді. Соның кесірінен ұрындық қой аштыққа”, – деп. 28-жылғы қуғын-сүргіннен әупіріммен аман қалып, намаз бен құранын түнде үйінде жасырып оқуға көшкен Аңсатбек молда: “Ел-жұртты аштыққа ұшыратқан дінсіз кәпірлер. Оны ішінде “Әлһәмділләні” ауызға алмайтын көпші қазақтар да бар. Алдыңғы жылы Созақтағы Аллақұл бастаған соғыс естерінде ме? Бәріміз жабылып сондай соғысқа шығуымыз керек. Жиһат соғысын бастамайынша, қарнымыз тоймайды, өлігіміз әр жерде шашылып, көмусіз қаламыз”, – деп біраз ағайындарына үгіт салып жүр. Бірақ аштықтан басы айналып, көзі қарауытқан көпшілік соғысқа қалай ұйым-дассын. Аңсатбектің ләмі жәй бір айта салған сөздей ешкім-нің көкейіне қона қоймады.

Былтырғы күзден бері өкімет саясатының кесірінен төрт түліктің бәрі көздерінен таса болған жайылмалықтардың қыс бойы адамдары да азайып шықты. Алдымен аштыққа шыдамаған кәрілер мен жас балалар өлді. Күш қайраты бар әлділердің біразы Түркістан мен Әулиеата жаққа босып кетті. Қалғандары шөп қайнатып, тышқан аулап, күнелтті. Күн жылт еткеннен бері адам жеуге жарайтын шөптерді ауыздарына тыққан денсаулықтары мен дене тұрқылары осалдау тұрғындардың бірсыпырасы ісіп-кеуіп, тышқақтап, жүруге жарамай қалды. Жүруге жарамай қалғандардың өмірі, төрт-бес күнге бармайды. Аһілеп-үһілеп, әбден қиналып, ақырында тіл қатуға да



мұршалары болмай, жатқан жерлерінде жан тәсілім ете береді.

Жайылма – сары адырдың нақ ортасында. Үлкен қалаларға қатынайтын күре жолдың бойында да емес. Өзен мен бұлағы да жоқ, суды құдықтанішеді. Базар-ошары, түрлі мекемелері мен зауыт-фабрикалары бар қазақ елінің ірі-ірі қалаларының көшелері аш-жалаңаш шұбырған кезбелерге толған мына шақта, айдаладағы Жайылма сияқты ауылдардың сиқы не болсын. “Аштан өлмек түгілі, көмусіз қалсам да, ата-бабаларымның жамбасы тиіп жатқан жерден кетпеймін”, – деп жүретін Аңсатбек молда сәуірдің ортасына таманғы бір күні өзінен-өзі жынданып кетті. Айналадағы ахуал жүйкесін тоздырып жіберді ме, кім білсін, кеше азанда қара суды қайнатып алдына әкелген кемпірінің қос бүйірінен пышақ салып, ыстық қанын ішті. Одан соң басын кесіп алып, шашынан ұстаған күйі далаға шығып: “Әй, кім бар маңайда?! Тірілерің болса, жетіңдер тез! Үйде жаңа ет бар. Асып жейміз”, – деп айқайлапты.

Ет дегенге елең етiскен көршi тұратын елуді алқымдаған екі немере інілері қатын, бала-шағаларымен солай жүгірген. Ентігіп келсе, есік алдына әйелінің кесулі басын салбырата ұстап, Аңсатбек тұрыпты. Бір қолында қан тамшылаған пышақ бар. Жүгіріп жеткен туыстары көргенде жүректері тас төбесіне шығып, әйелдер құлап-құлап түсіпті. Бет аузының бәрі қан-қан Аңсатбек: «Ә, келдіңдер ме? Енді сендердің бір-екеуіңнің қандарыңды ішейін», – деп ағайындарына тұра жүгіреді. Үлкен інісі Қайып қатын, бала-шағаларымен қашып үлгереді де, Аңсатбекпен кіші туысы Сайып ұсталып қалады. Ар-тынша Сайыптың жер жарғандай өкірген даусы шығады. Қайып қорасына сүйеулі бесақаны ала сап. Сайып қалған жерге келсе, Аңсатбек оны пышақтап өлтіріп, сан етін кескілеп жеп отыр екен. Қаны басына шапқан Қайып, со жүгірген бойда бесақаны Аңсатбектің қарнына қадайды. Жүресінен отырған Аңсатбек қолынан пышағын тастап жіберіп, ішіне сұғылған бесақаның темір мойнынан шап ұстап, тура келіпті де: “Суыр, суыр бесақаны ішімнен. Сенің де қаныңды ішіп, етіңді жеуім керек”, – деп айқайға басыпты. Қайып Аңсатбектің ішіне тығылған бесақаны ары итеріп, оны дуалға апарып бір-ақ жабыстырады. Бесақаның ұзын-ұзын бес темірі ішіне бойлай кірген соң оңсын ба, Аңсатбектің тілдері салаңдап, көздері төңкеріліп, дуал бойымен төмен сырғып жан тәсілім қылыпты.

Осы оқиға ауылдағы қараңдап жүрген аз ғана жұртты дүр сілкіндірді. Жағаларын ұстатып,

қатты шошындырды. Қайып кешке дейін аң ұрып, жатып алды. Қатындар шулап, балалар бозборан болды. Кеш түсе Сайыптың былтыр қызылшадан қайтыс болған балаларының ішінен аман қалған жеті жасар кенжесі неге екені белгісіз, аузы-басы қисайып, бүк түсті. Содан көп ұзамай аяқ-қолдарын тынымсыз керіп-керіп, ақырын көздері жұмыла берді. Онсыз да күйеуінің қазасына қайғы жұтып, егіліп отырған шешесі баласы өлгенде, шашын жұла аңырап, күллі ауылды басына көтерді.

Қайып атып тұрды. “Кінәні біреуден іздеп, дауласатын заман емес. Сұрқы қашқан кер заманның кесірі бір туған бауырларға да тиіп жатыр. Сол кесір аман қалған басқаларды орамай тұрғанда, қиыншылықтан шығатын жол іздеген абзал. Ылғи өлілердің басын күзетіп, ошақтары өшуге айналған ауылда өз өліміңнің кезегін күтіп отырғанша “жүргенге жөрген ілігердің” жолына түскен ләзім”.

Осындай ойға бекінген Қайып, бес-алты үй ара тұратын ауылдасы Шүкірге келді. Шүкір әйелі екеуі сарышұнақтың қалдық сүйектерін суға жібітіп, кеміріп отыр екен. Тамағымызға ортақтасар деді ме, мұның келісін жақтырмай, бет-ауыздарын тыржитты. Жақтырмаса да, артынша ауылдастыққа тән пейілмен төмен қараған бойы Қайыпқа сөйледі:

– Кел бауырым. Жәй жүрсің бе? Мынаны алдыңғы күні тұзақпен ұстап, асып жеп едік. Енді құры сүйектерін кеміріп отырмыз. Сарышұнақ та адамға ас болуға жарайды деп кім ойлаған. Ай, құдай-ай, “көретініңді көрмей, көрге түспейсің” деген осы екен. Кеше жер астынан қыбырлап жаңа шыққан бір қоңызды отқа қақтап жеп едім, дәмі бір түрлі болғанымен, ол да асқа татырлық екен.

– Жылда далада өріп жүретін тасбақа да биыл жоқ. Әлде әлі жерге шықпай жатыр ма, пәлекеттер көрінбейді ғой. Негізі соның етін адал дейді, – деді әйелі.

– Қайбір күні жоғарыдағы дәу кемпірдің немересі бір тасбақа ұстап алыпты деген сөз шығып еді ғой. Ол оны қайдан тауып жүр екен? – деп Шүкір әйеліне қарады.

– Айныған қисықбас қатын кірпішешенді бізге далбасалап тасбақа деп айтыпты ғой. Кеше “немеремнің ұстап әкелгені кірпішешен” деп дәу кемпірдің маған өзі айтты.

– Ой, Құдай-ай! Ертең жыбырлап жылан шықса, оны да жеуден тайынбаспыз. Иә, көзіме бір жылан түссе, қазір-ақ тірідей жұта салуға бармын.

Шүкір аузындағы сарышұнақ сүйектерін күтірлете шайнап, майын жұтты да, төсеніш



киіздің бір шетін көтеріп, қалдығын соның астына түкірді.

– Қайып сөйлесейші. Жәй келіп пе едің?

– Жәй болушы ма еді, көке. Бағанағы жәйтті білесіз. Аңсатбек пен Сайыпты, анау баланы жерлесетін адам керек. Ауылда екеумізден басқа еркек қалмады...

Шүкір қушиған иықтарын одан бетер еңкейтіп, басын тізесіне жеткізе қатты күрсінді де, бірауық үнсіз отырды. Бү күндері ауылдастар өлген ағайындарының неден өлгенін сұрауды қойған. Тіпті бағанағы Аңсатбек секілді адамдардың жантүршігерлік қылықтарға не себептен баратындарын талқылауға да салмайды. Еркектер де, әйелдер де, одан қалса балалар да, күнде әр түрлі аурудан, аштықтан, түрлі шөптер мен ескі ас қалдықтарын жеп ісініп, уланып өліп жатқандарға бойлары көндігіп, оларды қалыпты нәрседей қабылдайтын күйге жеткен. Ең ақыры бір-біріне көңіл айтудан да әбден жалыққандай, адам өлімін мал өлімімен бірдей көре бастаған... Әлден уақытта Шүкір елең етіп, басын көтерді:

– Ә, өлгендерді біз көлеміз. Ал біз өлсек кім көмеді?

– Сізге тағы бір шаруамен келіп едім, көке. Жаңағы айтқан күдігіңіз орынды. Себебі келесі кезекте біз өлсек, өлігімізді көметін ешкім жоқ. Дәл қазір ауылда анау дәу кемпірді есептесек, сегіз-ақ адам қалыппыз. Неге алаңдап, нені күтіп отырмыз, өлік басып, құты қашқан ауылда? Былтырдан бері қанша ағайын кетті ғой, жан-жаққа ырзық-несібе іздеп. Біз де кетейік, көке.

– Қайда, Қайыпжан-ау?

– Жұрт қайда кетіп жатыр. Сонда барамыз да.

– Жо-жоқ. Жақын маңда ел де жоқ. Айдалада қалсақ, мәйітіміз ит-құсқа жем болар. Аңсатбек жарықтық айтатындай, өлсек осы жерде өлейік. Еш болмаса, әке-шешеміздің әруағының жылы қолтығында жатамыз.

– Мына Қаратаудың арғы жағында Мырғалисай мен Ащысайда, бергі Байжансайда орыстың оқымыстылары әлденеше жылдан бері жер астынан кен іздестіріп жатыр екен. Кен іздетін, жер қаздыруға көп қазақтарды жұмысқа алып жатқанға ұқсайды. Несібе теріп, еол жаққа кетуді анада Аңсатбек көкеге бірнеше мәрте айтты, көндіре алмап едім. Ақыры не тынқан аулап, одан қалса, бос үмітпен жатып, бекерден-бекерге өле береміз бе. Азанға дейін біланыңыз, көке. Мақұл десеңіз, жолбастаушы өзім боламын.

Қайтып үйіне қайта келгенде күн ұясына қонақтайтын мезгіл түскен. Даладағы бестырмада әйелі мен он екіден асқан баласы, Сайыптың келіншегі, яғни келіні үшеуі ай сұлап жатыр. Екі әйелдің дауыс шығарып жылауға да халдері қалмапты, жәй ғана сүңк сүңк етеді. Қайып баласын тұрғызды:

– Батыр, кел айналайын, көмегің керек.

Батырға бір күрек, өзі бір күрек алып, қора артына шықты.

– Шүкір атаңа барып едім, көңілі жоқ екен. Жә, сен жігіт боп қалдың. Аңсатбек атаң мен Салқын апанды, Сайып көкенді, Тұранды қазір екеуміз-ақ көме салайық. Өліктерді ашпқ күйінде ертеңге дейін ұстап не керек. Осыларды көмсек, азанда ерте жолға шығамыз.

Жабырқау жүзінде көз жасының тамшалары айғыз-айғыз із салған Батыр мұрнын бір тартты:

– Қайда барамыз көке?

– Бір қалаға барамыз. Жұмыс істеп, нан табамыз.

Әкесінің сөзі көңілін тоғайтып, жел бітірді ме, ол да жер қазуға құлшына кірісті. Екеуі төрт адам қатар жатса сиярлықтай таяз шұңқырды тез қазды. Қайып төрт өлікті сүйретіп әкеліп, шұңқырға жатқызды. Мұсылмандықтың еш рәсімінсіз көміле салған төрт бейбақ, осылайша, қара жер түбінен мәңгілік орын тапты.

Қайыпазанда әйелі мен келінін, баласын ерте тұрғызды. Күн көрудің ешқандай мүмкіндігі қалмаған ауылды тастауға еш өкінішін білдірмеген һәм баратын бағыттарында құлдан бір сәтті сапар, тойымды шақ күтіп тұрғандай, әйелдер Қайып шешіміне бір ауыз қарсы келмей, қайта ылдым-жылдым қимылдап, жолға керек-ау деген майда-шүйдені түйіншектерінде шапшаң түйді. Белгісіз сапарға бекіткен төртеуі сосын Шүкірдікіне келді. Есік алдында қара орамалды басына шарт түйіп байлап, кеудесін шарбақтың көлденең ағашына сүйелі Шүкір тұр.

– Әй, Қайып. Шынымен кететін болдыңар ма?

– Басқа амал қалмады, көке. Сіз ше, жеңнеше ше, бізге ермейсіздер ме?

– Кеше сен кеткесін, дәу кемпірге барып ақыл сұрап едім “тоғыз сөзге жарағаныммен тоғыз қадам жер жүре алмайтын менімен неменені кеңескелі келдің? Ел азды, жұрт тоды, адам құрт-құмырсқаны азық қылды, өлген көмілмей қарақұсқа жем болды. Көрейін деген заманым осы ма еді. Енді Жайылмадағы аштан қатқан соңғы өлік мен болайын. Сендер кетсеңдер, кетіңдер. Қарын тоятын жерге



аман жетіндер. Өл жиып алсаңдар кейін елге қайтып, түгіндеріңді түзу шығарып, біздің басымызды қарайтарсыңдар. Разымын сендерге! Немеремді ала кетіндер. Бір атадан қалған жалғыз тұяқ. Соны тапсырдым сендерге”, – деді.

Содан келгесін, түнімен ойландым, “Жүз елу түгін тұратын Жайылмадағы ағайындардан қырылғанымыз қырылып, тіріміз жан-жағымызға лағып, ең соңында дәу кемпірді жалғыз шоқитып тастап кете барғанымыз ұят-ау” деп. Мен де жас емеспін. Жетпістен астым. Осының бәрін ескеріп, дәу кемпірмен бірге ешқайда кетпеймін деп шештім. Кемпірім де қаламын деді. Сендер, Жақсылық пен Тұрсынның үйіндегі келіндерді және дәу кемпірдің немересін ертіп, кете беріңдер. Болды! Мені көндірмекке сөздеріңді басқа шығындамаңдар.

Шүкірдің айтқанынан қайтпайтын қайсар екенін ауылдың бұрынғы тұрғындарының бәрі білетін. Аталас жақыны болғасын, Қайып оның ондай мінезін басқалардан ерек біледі. Сондықтан да оған басқа ләм демей, төртеуі кері бұрылды. Жолай жана Шүкір айтқан әйелдерді топтарына қосып, дәу кемпірдікіне беттеді.

– Жарықтық, апам-ай, бізбен қалай қоштасар екен. Жүре алса ғой, ертіп кетер едік, – деді Қайыптың әйелі жыламсырап.

Дәу кемпір – жасы тоқсан беске келген кейуана. Егер тоқшылық заман тұрып, жағдайын жасаса, әлі жиырма-отыз жыл өмір сүрерліктей қауқарға ие. Шалы кезінде күллі Сарысу мен төменгі Шу, Созақ пен арғы жақтағы құмды төскейдің елін аузына қаратқан би, дүние емес, сөз бен қасиет жинаған аса абыройлы кісі еді.

Ол төңкеріс алдында өмірден өткен. Артындағы екі баласын 1928 жылы Саудақенттен келген белсенділер бұрынғы бидің баласы ретінде айдағып жіберген. Содан бері екеуінен хабар жоқ.

Дәу кемпірдің өзі де текті жерден, көргендігі мол, әрі адуынды. Соңғы он-он бес жылда ауылда жастары егде қанша қариялар болғанымен, алыс-жақын мекендердегі ағайын арасындағы дау-дамай осы кемпірсіз шешілген емес. Жиындарға бірінші соған сөз беріліп, тартылған бас соның алдынан қайтатын. Өзі еркек тұрпатты денелі, әрі тіп-тік жүреді. Оған қоса жасы үлкен. Осыған орай оған жайылмалықтар “дәу кемпір” деп ат берген. Кезінде Жайылмадағы қатын-қалаш, келінкешіктер түгілі еркектердің өзі атын атаймай, тек дәу кемпір деп сыйлы атпен атай-

тын. Бұрыннан ел қамын ойлап, керек десең, өзін шешен, батыр санайтын талай өркөкірек кісілерді әділдігімен тұқыртып тастайтын дәу кемпірге қазіргі жұрт ахуалы қатты күйзеліс әкелді ме, кейінгі күндері қатты шөгіп, қаусай түскен. Қайыптар үйіне кіргенде дәу кемпір бір көне дәу кебезені ақтарып, немересіне әлдене айтып отыр екен. Қайып қолын алды, Әйелдер иіліп, сәлем салды. Тіршіліктің құты қашса да, дәу кемпірдің көкірек сарайын тот баспапты. Ауыл әжесіне лайық ілтипат көрсетіп, жылы шырай танытты:

– Аман ба, Қайып шырағым. Көп жасаңдар, келін қарақтарым. Келістеріңнің мәнін ұғып отырмын. Мына кебеже баяғыда қыз жасауыммен бірге келіп еді. Е-е, қайран, салтанатты заман-ай десеңші. Келмеске кетті ғой бәрі... енді келмейді, келмейді... Ә, осы кебежеде аталарыңның бір көйлегі мен бешбетін сақтап жүр едім. Сендермен бірге кететін мынау немереме ырым қылып, соларды кигізіп жібермекшімін. Жолы болсын, атасы сияқты ұзақ жасасын. Әуақты кісі болатын, жарықтық. Киесі сендерді де қорғап жүрсін.

Молаға айналған, ажал шіркін тіріге сәт сайын тап-тап берген, тірлік-тынысы таусылып, қызығы өшкен, болашағы үмітсіз ауылда қарайып жалғыз қалудың қаупін елемей, алдындағыларды қалың ел арасында отырып, әлдебір тойға шығарып салғандай кейіпте сөйлеген дәу кемпірдің баяу да орнықты сөзі әйелдердің көңілдерін босатып жіберді. Қайыптың да жаны жасып, көзіне жас үйірілді:

– Апа, біз сізді де бірге алып кетуге келдік.

– Қайыпжан-ау, ұзақ сапарда мені масыл қып қайтпексің.

– Масыл болмайсыз, апа. Керек болса, мен, жігіт болған мына балалар, анау келіндер, бәріміз сізді кезек-кезек көтеріп жүреміз.

– Адамды адам өлгенде ғана көтеру керек. Сөзінді қор қылма. Асарымды асадым, жасарымды жасадым, Құдай ендігі өмірді сендерге берсін. Әлбетте, қай қария болса да, өлер алдында жайлы ғұмырды аңсайды. Бүгінгі күннің мендей қарияларына мамыражай кезде абыроймен өлу де пешенеге жазылмаса, Құдайға да өкпе артудың орны жоқ. Жайылмаға келін боп түскелі бері би аталарыңның арқасында мерейім тасып, жайсаң өмір кештім. Небір иті жақсылардың алдын көріп, ғибратын тыңдадым. Жайылманың өзінде қанша жақсылармен замандас болдым. Қаншама алтындай қимас абысын-ажындарыммен бір табақтан ас жедік. Өне, олардың бәрі жа-



тыр анау сырттағы молада. Тысқа еңбектеп шығып, ішке таяқтап кіретін, төрімнен көрім жақын жасымда сендерге жүк болып, ет жақындарымның моласын тастай қашқаным, атыма лайық па. Кеше Шүкірге айтып едім ғой, «осы ауылдағы аштан өлгендердің ең соңғысы мен болайын» деп. Арттарыңа қарайламаңдар, маған алаңдамаңдар. Қайып, сен ес білетін еркексің ғой. Бәрін саған тапсырдым. Бір айтарым, «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» дегендей, су жағалап жүріңдер. Жолсызбен емес, жолмен жүріңдер. Ал енді жөнеліңдер! Жолдарың ашық, жүрістерің жеңіл болсын, айналайындар.

– Мен ешқайда кетпеймін, апа. Сізбен қаламын. Мен кетсем, сіз даладан сарышұнақ та, кірпішешен де ұстай алмайсыз ғой, – деп немересі оны құшақтап еңкілдеді.

Дәу кемпір немересінің басы мен арқасын сипалап, мойнынан қайта-қайта иіскеледі. Мұндай кезде кәрі жүрек жасымай тұра ала ма. Қатты күрсініп, екі көзінен парлап жас ақты. Немересі оның бетін шөлпідете сүйіп, кеудесіне басын тықты.

Қос мұңлықтың бұлайша құшақтасып, көз жастарын төккеніне жандары езілген төрт әйел де үнсіз сыңсуға көшті. Сол сәт дәу кемпір беті мен көзін сүртіп-сүртіп тастап, қатулы кейіпке енді де, немересін итеріп жіберді.

– Тоқтатыңдар еңкілдеуді!

Даусының өктем шыққаны сондай, немересі де, әйелдер де заматта жым болды. Өмірдің қилы тәшпіншінен өткен қарт кейуана осалдыққа салынған жаннан батылдық шықпайтынын ғұмыр тәжірибесінен біледі. Жасында қаталдық көрмеген жанның өмірде жейгін таяғы да көп болатынын өзі екі күннің бірінде айтатын. Басқа түскен салмақты көтере алмай жылап-сықтау, боркеміктікке салыну – кімді болса да тағдыр шырғалаңынан алып өте алмайтынын да жасы кішілердің құлағына үнемі құйып отыратын. Осындай сөздерді аузынан тастамайтын дәу кемпір дәл мынадай жағдайда уайымға, сірә, ұзақ салынсын ба. Талаптының ылғи тілекшісі боп, болатынның әркез белін буып жүрген ол, өз пешенесіндегі ауыртпалыққа мойып, кесір мен қырсық шалған жерден кетеміз дегендердің жолын еш бөгемек емес. Қайта олардың бойына күш пен қайрат отын құюға құмбыл.

– Қайып һәм келіндер! Сендерге айтатын қарттық кеңесім һәм қоятын шартым – осы үйден жыламай аттаныңдар. Солай етсеңдер, мен ашуланбаймын. – Сосын немересіне бұрылды: – Ботам, кеше түнде де, бағана да

саған айттым ғой. Сендер кеткесін, анау молада жатқан әруақ-атаң жер бетіне шығады. Сөйтіп маған азық-ауқат әкеп, қарнымды тойдырады. Үйде сен тәрізді бала отырса, әруақ-ата келмей қояды. Сондықтан да ештеңені ойламай, Қайып көкең мен мына апаларыңа ілесіп кете бер. Қайып көкең бір қалаға барып жұмыс істеп, қарындарыңды тойдырады. Содан дәу жігіт боп, бір-екі жылдан кейін ауылға ораласыңдар. Мен сендерді ешқайда кетпей, күтіп отырамын. Бұл жерде қалсаң, кешегі Сайыптың баласына ұқсап, өзіңнен өзің өліп қаласың. Одан да ел, жер, қала көріп қайт. Бір атадан қазірше тірі жүрген жалғыз тұяқ өзіңсің. Аман бол, жаным... Енді жолға шығыңдар тезірек. Қараңғы түскенше, бағыттарыңды анықтап алыңдар.

Немересі қайтып жыламады. Келіндері дәу кемпірдің бетін бір-бір сүйіп, барлығы Қайыпқа еріп, тысқа беттеді. Су тола екі месті Қайып мойнына салды. Қисықбас атанған әйел мен Сайыптың келіншегінің қолдарында бесака. Үшінші әйел керек болар деп, қысқа сапты күрек пен кішкене қазанды қолтығына қысып алған. Қайыптың әйелі жолда әжетке жарар деген оймен ұзын арқанды беліне оралты. Екі балада жуандығы білектей сойыл іспеттес таяқ. Әйелдердің әрқайсысының түйіншектерінде бір-бір пышақ бар. Жеті адамдық топтың бар қарулары осылар ғана.

Жүргіншілер ауыл шетіндегі түстікке қарай созылған ескі сүрлеуге түсті. Қайыптың пайымынша, бұл Баба Атаға апаратын жол. Ескі қариялар Жайылма мен Баба Атаның арасы атты адамға үш күндік жол деуші еді. Әлбетте, әр ауылға қона жатып жүрген аттыға. Бірақ, бәрібір, құрамында әйелдері мен жас балалары бар жаяу әрі ашыққан топты аттылы жолаушымен салыстыруға келмейді. Әйтсе де, қырылғандардың, сондай-ақ ішкі мұңдарын сыртқа білдірмесе де, жан-дүниелерін тек өздерінен басқа ешкім түсіне алмайтын азапты ойлармен ездiрген, қажытқан, арттағы күнәсіз өліктер рухы жайлаған үмітсіз мекенде тірідей қалып бара жатқан қариялардың обал-сауаптарын өкімет пен жаналғыш белсенділерге артқан Қайып тобы туған елден бірте-бірте алыстай түсті.

Айнала ұшы қиырсыз тегіс дала. Бұл маңның даласы шағыл топырақты. Мұндай жерде сазды және таулы аймақтағыдай шөп қалың да киіздей тұтас боп өспейді. Көк шөп сиректеу, әр-әр жерде жыланжиде, жусан, адыраспан сияқты жеке-жеке шығатын тал іс-петті өсімдіктер қыلتияды. Құлқайыр мен шырыш та сирек. Оның есесіне, жер



талғамай өсе беретін бидайық пен қозыбасы мол. Жайылманың етегіндегі сазда адам шикідей жей беретін қақы мен әткеншек өседі. Қайыптар жүріп келе жатқан далада олар жоқ. Мұнда екі аяқты пенденің тамағына татитын екі шөп түрі – бидайық пен қозыбасы бар. Алайда, әзір ерте көктем болғандықтан, бидайық дәні піскен жоқ. Қозыбасы тамыры жетілген жоқ. Пісіп-жетілгеннің өзінде оларды қу тамаққа сеп қылуға, дайындау үшін әйтеуір еңбек керек. Бидайықтың дәнін теріп алып алдымен кептіріп, одан соң әбден қайнатып суын ішсе, айран сияқты қарынның ашқанын біраз уақытқа басады. Қозыбасының тамырын да қазып алып, күнге қақтау қажет. Сосын талқандап, быламық қып ішуге болады. Былтыр күзде ашаршылықтың алғашқы ызғары ауылға тие бастағанда, талайлар осы екі шөпті талғажу еткен.

Бағана дәу кемпір Қайыпқа «жолда қатты ашығып қалмаңдар» деп екі уыс малта берген. Оны қай кезден бері сақтап жүргені белгісіз, әйтеуір сап-сары боп қатып қалған малтаны Қайып жанындағыларға бір-біреуден беріп еді, аштықтан жүректері сазарған жүргіншілердің таңдайына балдай тиді.

– Көке, тағы біреуін бересіз бе? – деді дәу кемпірдің немересі.

– Ой, малта, жүдә тәтті екен. Бір қалтасын берсе де, жеп қояр едім, – деді Батыр.

– Шыдаңдар, балалар. Баратын жеріміз әлі ұзақ.

Төрт сағаттай тоқтаусыз сапарлаған жетеуі түс қайта қияқ басқан кішкене дөңес үстіне аялдады. Қайып бет алған бағыттарына көз салды. Тегіс даланың шегі жоқ па, әйтеуір көз түсер бір бұлдыр көрінбейді. Күн ашық кезде көрінеді дейтін Қаратаудың сұлбасы да назардан тыс. Артқа қараса, Жайылма да көрінбейді. Жанар жетпейтін алыста қалған ба, көкке оранған дала төсін тек сағым ғана басқан. Әйелдер аулақтау кетіп, жеңіл жамылғыларын жамылып, дәрет ұсатты. Қисықбас қатын тұра беріп шыңғырып жіберді:

– Ойбай, жылан!

Басқа әйелдер де шошынып дамбал баулауын байлап та үлгерместен Қайыптар отырған ұсқа жүгірісті.

– Қандай жылан? – деп атып тұрды Қайып.

Реңі бозарған қисықбас қатын демін басалар емес:

– Қандай екенін қайдан білейін, әйтеуір білектей келген пәтшағар аяғымның астынан зу етіп, ирелеңдеп өтті.

Қайып сол жерге жүгіріп барды. Шөп

қатарын аяқтарымен ары-бері жайпап жүріп, тышқан үйген кішкене топырақ үйінді үстінде жатқан сары жыланды көрді. Қысқа ұйқыдан шыққаннан бері бірнеше күн көк шөптердің сөлін жалап әбден тойынған жылан семіз екен. Қайып оның желкесінен бүріп, отырған жерлеріне салбырата ұстап әкелді. Жыланнан қорқатын әйелдер шошынып, шат шәлекейлері шықты.

– Бұл адамды шақпайтын уы жоқ жылан. Бізге ауқат болады. Манадан бермен неге кездеспеген деп ойлап едім. Міне, сондай олжа енді кездесті. Бірақ мұны қазір емес, ертең азаңда пісіріп жейміз.

Қайып оны тірідей дорбасына салып, орнынан тұрды. Содан кеш батқанша жүріп отырып, айдалада томпайған шағындау төмпешікке жетіп тізе бүкті. Қайып сапарластарының әрқайсысына екі-екі малтадан үлестірді. Күні бойғы жүрістен сілелері қатса да, ешқайсысы шаршады демеді. Дегенде де амал не. Бұл жүріске бәрі өз-өздерін іштей дайындап шыққан ғой. Күндіз жылы болғанымен, сәуір түні ашық далада түнегенге бәрі-бір салқын. Үлкендердің бір жағы – денелері тоңазып, бір жағы – жандарын жабырқатқан қайғы мазалап жөнді ұйықтамады. Санасы лайланбаған балалар жатқан жерлерінің жайсыздығына қарамастан ұйықтай береді. Таң қылаң бере, Қайып тұрып, айналадан аңдыздың паясын жиып келді. Төмпешік шетінен ошақ қазды да, бір местегі суды қазанға құйды. Оның астына от жағып, дорбасындағы кешегі жыланның басын кесіп, қазанға салды.

Аңдыз паяларының қызуы әлсіз болса да, күн шыққанша су қайнап, жылан еті пісті. Бұл кезде әйелдер балаларды оятып, бәрі төмпешік басында отырған. Қайып қазанды көтеріп әкеліп, ортаға қойды.

Қазанның буы басылып, ішіндегі су мен жылан еті суығанша өзгелері сыр бермесе де, екі бала үздігіп өліп кете жаздады. Қайып тұтас піскен жыланды шығарып, бәріне теңдей етіп кесіп берді. Отырғандардың әрбірі біраздан бері піскен етті «мынау ненің еті» деп сұраудан, одан жиіркенуден қалған. Аштықтың зардабынан қарайған нәрсені «өлтірмесе болды» деп ауыздарына тыға беруге дағдыланған олар, ыбылжып піскен жылан етін әп-сәтте қылғыта салды. Қисықбас қатынның түйіншегіндегі ағаш тостақпен кезектесіп, сорпасын ішті.

– Жылан еті туыла салып сойылған қозының етіне ұқсайды екен-ә. Ой, бүгін жылан кездесе, өзім-ақ ұстаймын, – деді дәу кемпірдің немересі ернін жалап-жалап қойып.



– Екеуміз екі жылан ұстайық, – деді Батыр.

– Баратын жерге дейін әлі он күн жүреміз. Әр күнге екеуің екі жыланнан ұстасаңдар, сірә, ашықпасыз. Кеше шаршадым демедіңдер-ә. Бүгін де шаршамаңдар, айналайындар, – деп Қайып екі баланың бастарынан сипады.

Содан жетеуі үш күн жүрді. Жолда не бір құдық, не өзен, не ел кездеспеді. Қас қылғанда, жыландар да көзге түспеді. Сулары таусылған әрі соңғы екі тәулікте нәр татпаған жетеу өлермен халге жетті. Адарынан кездескен құмдауыт қияда түнеп шыққандарында сапарларының бесінші таңы атқан.

– Ойбай, мырзаға-ау. Бұл не деген елсіз, сусыз, далиған дала. Баяғыда атам жарықтық адам тұрмайтын ұшы-қиырсыз Бетпақдала туралы айтып отырушы еді. Сірә, сол Бетпақдала деген осы-ау, – деді қисықбас қатын.

– Біз шығыс түстікке қарай келеміз. Бірақ, кім білген, өзім де ештеңені аңдай алмай келе жатырмын, – деді Қайып. Осыдан кейін Қайыптың көңіліне қобалжу кірді. Бірақ оның қасындағыларға білдірмеді. Сонда да егер алдынан бір-екі күнде бір ел немесе аспаннан түскендей әлдебір нәпақа кездеспесе, жағдайларының анық қиынға айналатынын ойлап, мазасыздана берді.

Сол күні жетеуі екі-үш-ақ сағаттық жүріске жарады. Екі бала бірдей аяқтарын баса алмай, тіптен әлсіреді. Неше күннен бері ың-шыңсыз келе жатқан әйелдер тағдырларына, өкіметке мың лағнет айтып, арттағы елді, шейіт кеткен ағайын-тумаларын сөз етісіп, қайғырып, дауыс сала жылай бастады. Алғашқыда Қайып әрқайсысына бір зекіп, үндерін шығартпай тастаушы еді, бүгін қанша айқайласа да, әйелдер басылмай қойды.

– Ой-бо-ой, шөп-шалам жеп, құрт-құмырсқа шайнасам да, нем бар еді ауылдан кетіп. Айдалада өлу үшін бе... – деп зарланды қисықбас қатын.

– Басым айналып, бойымнан дәрмен кетті. Енді сүйреп жүргізбесеңдер, аяқ басар халім жоқ. Дұрыс айтасың-ай, қисықбас. Жолға өлу үшін шыққан шығармыз, – деді екінші әйел үнін зорға білдіріп.

– Екі-үш күннен соң ел кездеседі дегеніңіз қайда, қайнаға-ау? Бұл не деген елсіз дала, – деп Сайыптың келіншегі күңк-күңк етті.

Балалар қыстыға жылады. Мына сөздерден алдағы күндерге деген үміттері жоғалғандай, қобалжудан реңдері бұрынғыдан да сұрланды, тілім-тілім еріндері сөйлеуге де ырық бермей, үнсіз күйде әркімге бір жәутең-жәутең етісті.

Тізесін құшақтап, шарасыз халге енген

Қайып, әйелдерге не айтуды таппады. Бірақ ішкі ойы – айдалада өлу емес. Соған байланысты қалайда тығырықтан құтылудың жолын қарастыруы ләзім. Алайда қандай жолмен, қандай амалмен? Осы күнге дейін айдаладағы ахуалды тілмен де, іштей де кінәлап біткен. Енді біреуді немесе әлденені кінәлаумен – тап болған қырсықтан, ауыр сапардағы мүшкіл жағдайдан құтыла алмайды. Не істеу керек сонда? Алға жылжи берсе, бір ұшпаққа жетер ме еді. Ұзақ сенделіс пен аштықтан діңкесі құрыған мына серіктері оған қатты қолбайлау. Тастап кете алмайды. Жоқ, не болса да, соңғы күдерлері үзілгенше, жылан сияқты жер бауырласа да, тышқан тәрізді жорғаласа да тек алға жылжи берулері шарт. «Өлмегенге өлі балық жолыққан» дегенді қазақ бекер айтпаған, сірә. Ол атып тұрды:

– Өлмейсіңдер! Өлмейміз! Өлмеу үшін шыққанбыз жолға. Қане, зарлана бермей, тұрыңдар орындарыңнан! «Қатынның қырық жаны бар» деуші еді. Өлі де жүруге жарайсыңдар. Тұрыңдар, кеттік!

Отырғандар мызғымады. Әйелдердің көздерінде өлі сезім тұнған. Бір-біріне арқаларын сүйеп, жерге құйрық басқан екі бала бастарын одан бетер салбыратып, дыбыссыз жылауға көшті. Қайып дауысын одан әрі көтерді:

– Жүрмейсіңдер ғой-ә?! Онда обалдарың өздеріңе. Мен мына екі баланы арқалап алып кете беремін. Сендер қалыңдар, қаракұсқа жем болып.

Сөзге көнбеуге айналған әйелдерді қорқытып, әдейі осылай деді. Сөйтті де, екі баланы екі қолымен көтеріп, тік тұрғызды.

– Қатындар өлсе өле берсін, Сендер өлмеңдер.

Батыр баж етіп, шешесіне жабысты. Дәу кемпірдің немересі қисықбас қатынның етегіне жармасты. Есі әлі толық кірмеген балалар шешеден тірі айырылушы ма еді. Оларға жабысқандары аздай, үруге жарамаған жас күшіктердей қыңсылап, көз жастарын тағы төкті.

– Апамды тастап кетпеймін, – деді Батыр.

– Қисықбас апа-ау. Ауылға, апамға қайтайықшы, – деді дәу кемпірдің немересі.

Осы сәт Қайыптың әйелі ақылдылық танытты. Баласын етігінен ажыратты да, қолдарымен жер тіреп, өзгерілі:

– Бәріміз ауылдан аштықтан өлуден қашып, жолға шықпап па едік. Тәуекелге бас тіккен сапарымыз әлі біткен жоқ. Ерейік Қайыпқа.

Шығыстан екпіні қатты болмаса да, ша-



пан етегін желпіддете алатын жел соғып тұр. Аш адамдардың алға қарай жүрулеріне ол да әжептеуір кедергі. Соған қарамастан Қайып тобы желмен бірге теңселіп, міне, міне, ұшып кетердей халде жарты сағаттай алға жылжып, жазық дала төсіндегі көлбеу дөңес үстіне әуірімдеп көтерілді. Дөңестің арғы бетінде аралары бір шақырымдай келетін төртбес қараша үйден топтанып, шоғыр-шоғыр орналасқан екі ауыл көрінді.

– О, Құдай-ай, Ақыры бір ел кездесті-ау, – деп қисықбас қатын еңіреп жіберді.

– Е, Алла-ай! Мұныға да шүкір,

– Е, бәсе, Жаратқан ием біздей бейбақты бекерге өлтірсін бе, – десті басқалары көрінген үйлер құдды бір өздерін мол дастархан жасап, күтіп алатындай үмітпен.

Әдетте көктем түсіп, күн жылынған сәтте қазақтар қазан-ошақтарын далада асады. Ал мынау көрінген үйлер маңында түгін байқалмайды. Мал қараңдамайды. Мал түгілі үй айналарыңда адамдар да көзге шалынбайды. Жыртық туырлықтары желмен бірге желп-желп еткен киіз үйлер маңы тымтырыс.

Жетеудің көңілдеріне айдаладағы қарайған ауыл дем беріп, бәрі сүріне-қабына алқынып, солай беттеді. Жақындай бергендерінде киіз үйлер арасынан екі түлкі сумаң етіп шыға келді де, біраз жер ұзап барып, қалт тоқтап, бұларға бас бұрды. Қайып «Әйт, әйт» деп оларға таяқ сермеді. Аш қазақтардың өздеріне қылар айнасы жоқтығын біле ме, пәтшағар қос сұм түлкі үрікпеді. Қайта «бізге не істей аласың» дегендей, адамдарға қарап, шоқиып отырды. Оны көрген әйелдер:

– Ойбай, мыналар адамсыз қаңырап қалған тастанды үйлер ме, немеңе?

– Ой-ой-ой, Құдайым-ау! Жұрты бар ауылға кезіктім бе дегенде, түлкі мекен еткен... – деп бірінен соң бірі күңірене беріп еді, Қайып тиып тастады.

– Ақыр заманды орнатпай, өшіріңдерші үндеріңді! Алдымен үйлерге кіріп көрейік те.

Қайып мұнда адамдар жоқтығын жаңағы түлкілерді көргенде-ақ білген. Бірақ «сұм түлкілерді көргенде-ақ білген. Бірақ «сұм түлкі тамақ табылмайтын бос үйлерге бекерге кірмейді. Демек, үйлерде түлкілер жем қылып жүрген бір нәрсе бар. Түлкі жейтін нәрсе адамға да азықтыққа жарайды» деп ойлады.

Маңдайшалары бір-біріне қаратыла, шеңбер түрінде тігілген бес киіз үйдің де есіктері ашық. Салқам-салқамы шыққан есіктерді жел екпіні бір жауып, бір ашып тұр. Есік алдындағы бір шөптердің тапталмағанына қарағанда, бұл

жерде көптен бері адам болмаған. Қайып сонда да: «Кім бар, кім бар?» деп дауыстады.

Қайып бергі үйге бас сұқты. Жұпыны үй мүліктерін шаң басыпты. Шаңырақ иесіз. Екінші үйде де ешкім жоқ. Ішінші үйдің табалдырығын аттай беріп еді, жаман иіс қолқасын атты. Мұрнын басып, ішке үңілді. Қып-қызыл еттері шикандай боп көрініп, оннан астам адам жатыр. Екеуі жас балалар сияқты. Денелерінің әр жерінен жұлымдалған киімдерімен бірге парша-парша болған еттері сыртқа қарай салбырап кетіпті. Қайыптың мұндай жиіркенішті әрі үрейлі көріністен жүрегі тас төбесіне шықты. Жаңағы түлкілердің мұнда неғып жүргендігін әп-сәтте түсінді. Түсінді де, дереу артқа бұрыла сап, соңынан үйге кірмекке әрекеттенген әйелдерді кері итерді. Бір сәт есі ауып қалғандай, оларға әзер тіл қатты:

– Кірмеңдер үйге... Құдай көрсетпесін... қорқып қаласыңдар...

– Не бар екен онда?.. Жейтін ештеңе жоқ па екен? – деді қисықбас қатын.

– Жоқ. Жүріңдер, кетейік тезірек бұл жерден.

Әйелдер мен балаларды итергілеп, үйлердің сыртына шықты. Мең-зең боп біраз тұрды да, анау көрші ауылға көз салды. Мана дөңес үстінде байқалған жоқ-ты, қазір ондағы бес-алты үйдің арасынан түгін будақтап тұр. Жанындағыларға білдірмесе де, Қайып та нәр татпағандықтан әбден әлсіреп, құлауға шақты. Түгінді көргенде, жүрегін суылдатып, тәнін тітіркендірген әлгі дал-дал кейіптегі өліктерді демде ұмытқандай, көңілін қуаныштың аз-маз лебі кернеп өтті.

– Әне, түгінді көрдіңдер ме? Сол ауылда бірдене бар сияқты.

Жетеуі енді солай қарай ентелесті. Оншақты қадамнан кейін Қайып, аштыққа ұшырап, жатқан жерлерінде теңкиіп-теңкиіп қатып қалған әлгі өліктер мына бес үйдің мүшелері екенін пайымдады. Жазғандар, өлер алдында бәрі бір үйге жиналып, бақұлдасса керек. Бәлкім біреуі әр үйде өлген болуы да мүмкін. Қалай болған күнде де, жас-кәрісі бар оншақты өліктің бір жерде жиналып жатқаны сұмдық екен.

Түгінді ауылға таяғанда киіз үйлер тасасынан шаштары қобыраған, бет-әлпеттері ісініп, адам көргісіздей кейіпке түскен, қолдарында таяқтары бар екі әйел шыға келді. Түрлері адамнан гөрі жын-періге, жо-жоқ, албастыдай жалмауызға ұқсаған олардан әйел-



балалар қатты тіксініп, бәрі Қайыптың артына тығылды. Арт жақтан ұсқыны мына екеуден қорқынышты тағы бір әйел көрінді. Оның қолында басы күйген ұзындау жіңішке темір. Ішеулеп айқайға басты:

– Аулақ кетіңдер бізден! Жоламаңдар ошағымызға!

– Ары-бері өткен дуаналардан пәлеге қалдық қой...

– Пісіріп жатқан етіміз өзімізге жетпейді...

– Қазір бәрін жеп қоясың, ертең не жейміз.

Кейіптері жын-шайтанға ұқсаған үш әйел, естері ауып, жындануға түсе бастағандай ма, қалай, әйтеуір бірінің сөзін бірі басып, таяқтарын сермеп-сермеп қояды. Тіпті біреуі шүйлігіп келіп, Батырды ұрмаққа әрекеттенді. Қайып оның таяғының бір ұшынан шапберді де, тартып қалып еді, анау киралаң етіп, етпетінен түсті. Оны көрген екеуі түсініксіз бірдеңелерді айттып айдалаға қашты. Ал етпетінен түскені тыпырлап жартылай көтерілді де, әлі келмесе де жанкештікке салынып, Қайыпқа жармасты. Қайып оны бір итеріп аунатып түсірді. Аунап түскеніне қарамай еңбектеп келіп, Қайыптың аяғына тағы орадды. Ол кезде алысқан екеуге назар аудармаған Қайып тобындағы көздері аштықтан тұманданған әйелдер мен балалар анадай жердегі ошаққа жандәрмен жүгірісті. Ошаққа бірінші болып жеткен Қайыптың әйелі қазандағы қайнап тұрған етке қолын молынан салды. Шыдамы таусылғандықтан ба, жоқ әлде басқалардан бұрын етті мол етіп алғысы келді ме, қолын қазан түбіне дейін қалай салып жібергенін өзі байқамады. Ыстық су саусақтары мен білегін қарып түсті, «А-а-а» деп айқайлады да бір сүйекті ұстаған күйі қолын қазаннан суырып алды. Қолына іліккен сүйек – бір кішкене баланың басы екен. Селт етіп, бір бақырды да, оны аулаққа лақтырып жіберді. Шошынғанына қол күйігінің ауруы қосылып, жандаусы шыға шыңғырды. Сосын дірілдеп тұрып, еттері күйіктен үзім-үзім күйге түскен қолының терісін сасқанынан жалап-жалап алып, шалқасынан құлады.

Бұл уақытта жүгіріп келген Қайып әйелінің неліктен құлап түскеніне мән де бермей, қайнап жатқан қазанды төңкеріп тастады. Қазан ішінен жас баланың кесілген білектері, сандары мен балтыр сүйектері жерге шашылып түсті. Әйелдер не айтарларын білмей, беттерін басып, отыра-отыра кетісті. Қайыптың бүкіл денесі мұздап, жүрегі тағы дір етті. Енді түсінді: жаңағы әйелдер өз балаларын сойып, ет қылып асып жатыр екен ғой. Алайда Қайыптың осы еттерді жеуден басқа амалы жоқ-ты. Жарату-

шы мен әруақтардан іштей бірнеше мәрте кешірім сұрап, сан еттің бір үзімін жұлып, аузына салды. Сол-ақ екен, басқалар да жердегі еттерді таласа-тармаса ауыздарына тықты...

Әлден соң Қайыптың есіне әйелі түсіп жан-жағына қарады. Ол ошақ іргесінде демсіз сұлқ жатыр. Жаңағыдан кейін байғұстың жүрегі жарылып кетсе керек. Әйелдер жылап-сықтады. Қос бала еңіреді. Қайып егілді.

Бұл күнгі қазақтар жақын өліміне ұзақ қайғыруды қойған. Олай етіп, жандары ұзақ мүжілсе, ертең өздеріне де осындай күн тууы мүмкін. Бұл күнгі қазақтар күнде ажалмен арпалысып, күнде өлім көріп, еттері үйренген. Бірақ та тірілері аман қалудың жолында не көрсе де қайтпай, бәрі бірдей күйреп, жоқ болып кетпеуге қарсы қайсарлықпен амал қарастырудан шаршамайды.

Болашақ күндерден күдерін үзбеген Қайып та, кешірек әйелінің мәйітін аулақтау тұсқа көміп, түнде киіз үйлердің біріне түнеді де, азанда тағы жолға түсті. Беттері – Байжансай.

Киіз үйлерден ұзай бергендерінде қайдан шыққандары белгісіз, кешегі алба-жұлба киімді үш әйел сондарына түсті. Ілбіп, зорға жүрген байғұстар әлденелерді айтып, біраз жерге дейін еріп отырды. Екі-үш сағаттан соң олар айдаладағы шөп арасында қалып қойды. Бейбақтардың ендігі күні не болмақ? Жер бетін қатыгездік жайласа да, ешкімнен жылы шуағын аямайтын күн нұры екі-үш тәуліктен кейін ашық далада олардың мәйіттерін аймалап, жылытып жатар, бәлкім. Заман-ай десеңші, тап қазір мәйіттер ашық жатса да, көмулі жатса да, қара жер қазақтың өліміне тоймауға көшкен.

Алайда кінәсіз, мезгілсіз шейіттердің зау-алын кімнен сұрап, обалын кімнен көреді, бұл қазақ...

